

02.07.2025 жылға қараған жағдай бойынша
«№№3,4 ст. энергоблоктарын орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту
және қайта құру» инвестициялық жобасын іске асырудың ағымдағы
жағдайы туралы «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ есебі

Жоба бойынша жалпы ақпарат

- Жоба қуаты: 1 100 МВт (2х550 МВт)
- Іске асыру мерзімдері:
- №3 блок: 2010ж. наурыз – 2028 ж. қыркүйек.
- №4 блок: 2023ж. қараша - 2030 ж. қыркүйек

1. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу:

- 2023 жылдың қараша айында «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС-мен ТЭН әзірлеуге шарт жасалды.
- 2024 жылғы 31 мамырда Жобаның ТЭН №01-0235/24 мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.
- Жарлық 2024 жылғы 06 Маусымда «СЭГРЭС-2» ақ №621 Бұйрығымен Жобаның ТЭН бекітілді.

Жобаны дайындау және іске асыру жоспар-кестесін орындау.

2. ЕРС-келісімшартының қорытындысы (орындалды)

- 2025 жылғы 30 мамырда «KBI Energy Group» ЖШС (ҚР, Консорциум жетекшісі), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС (ҚР, жобалаушы) және «Энерго Спец Строй» ЖШС (ҚР, жабдықты жеткізуші) құрамында консорциуммен №3 және №4 энергоблоктарды жобалауға, жеткізуге және құрылысқа ЕРС-шарт №1119402/2025/1 жасалды.

3. «П» сатысының ЖСҚ әзірлеу (орындау сатысында)

- Жоба шеңберінде қоғамдық тыңдаулар өткізуді және ҚОӘБ бойынша оң қорытынды алуды қоса алғанда, экологиялық келісімдер сәтті өтті. ЕРС келісімшарты бойынша 2024 жылы авансты төлемеу жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу мерзімдерін жылжытуға әкелді.
- ЕРС-келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаудың өзекті кестесіне сәйкес ЖСҚ бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу 2026 жылдың бірінші тоқсанында жоспарлануда, содан кейін құрылыс-монтаж жұмыстары басталады.
- Бүгінгі күні жобаның құрамы қалыптастырылды, ғимараттар мен құрылыстардың титулдық тізімі жаңартылды, сонымен қатар бас корпусның құрылыс негізі әзірленді. Сонымен қатар, жобаның графикалық және түсіндірме бөліктерін әзірлеу жалғасуда және жабдыққа қойылатын техникалық талаптар мен сауалнама парақтарын келісу белсенді жүргізілуде.

4. Кредиттік келісім жасасу (орындалды).

- 2023 жылдың 4-тоқсанынан бастап субсидияланған пайыздық мөлшерлемен экспорттық қаржыландыруды тарту бойынша жұмыс жүргізілді. 2023 жылдың желтоқсанында Ресей Федерациясының қаржы институтынан (РФ) қаржыландырудың индикативті шарттары алынды, олар субсидияланған сыйақы мөлшерлемесі бойынша Ресей Федерациясының өндірістік жабдықтарын пайдалану кезінде бірден №3 және №4 екі энергоблогы бойынша құрылыс құнын жабады. Ресей Федерациясы Үкіметінің жобаны 2024 жылы субсидиялау туралы шешімі қабылданған жоқ.
- Екібастұз ГРЭС-2 акционерлері жобаны іске асырудың белгіленген мерзімдерін бұзуды болдырмау үшін нарықтық шарттарда «Самұрық-Қазына»АҚ акционерлік қарызын тарту арқылы 3-ші энергоблок құрылысы жобасы бойынша қаржыландыру схемасын өзгерту туралы шешім қабылдады. Мамыр айында акционерлік қарызды ұйымдастыру бойынша корпоративтік рәсім аяқталды.
- 2025 жылғы маусымда 3-ші энергоблоқты салуға арналған ЕРС-келісімшарт бойынша аванс жасалды. Бұл қаражат «Жоба» кезеңінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және негізгі жабдықтарды дайындауды аванстау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға бағытталған.

5. Дайындық жұмыстары

- Дайындық жұмыстарын ұйымдастыру және орындау үшін ЕРС-мердігерге құрылыс алаңы мен кеңсе үлгісіндегі блок-модульдік ғимараттар толығымен берілді.
- Метал сынықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.
- Геодезиялық-бөлу негіздері бойынша, құрылыс алаңының су төмендету құрылғысы бойынша, құрылыс алаңының аумағын тазарту, №2 түтін құбыры ауданындағы модульдік қалашықты қалпына келтіру жұмыстары басталды.
- Бүгінгі таңда құрылыс алаңында 20 жұмысшы және 5 арнайы техника бірл. бар.